

# МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

## Мақала туралы мәлімет

Конференция атауы	«Жастар және ғылым: бүгін мен болашағы» жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы
Сборник	«Молодежь и наука: настоящее и будущее». Сборник материалов Международной научно-практической конференции молодых ученых
Conference	The collection of materials from the International Scientific and Practical Conference of Young Scientists «Youth and Science: Present and Future»
Өткізілген күні	7 сәуір 2025, Атырау
ISBN	978-601-262-587-5
Жинақтағы жариялану №	076
Жинақтағы беттері	351-357
ӘОЖ/УДК/UDC	ӘОЖ 343:342.734(574)
Секция	Секция IV. II Адам құқығын қорғау – құқықтық және әділ мемлекет құрудың кепілі/ / Защита прав человека – залог создания правового и справедливого государства
Автор(лар)	Амирбек Нұрай Шарапқызы
Мәртебесі	Студент
Ғылыми жетекші	Ғылыми жетекшісі, Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды
Мақала атауы	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ескерту: бұл бет сайтқа орналастыру және мақала PDF-ін сәйкестендіру үшін қосылды. Төменде жинақтағы мақаланың түпнұсқа беттері берілген.

ынтымақтастық орнату қажет.

Жаһанданудың тереңдеуіне қарамастан, мемлекеттер өздерінің саяси және экономикалық тәуелсіздігін сақтап қалу үшін әр түрлі тәсілдерді қолданады. Олар халықаралық ұйымдардың шешімдерін орындау барысында ұлттық мүдделерін қорғау мақсатында стратегиялық саясаттар қабылдайды.

Құқықтық суверенитеттің болашағы халықаралық қатынастардың дамуына тікелей байланысты. Жаһандану процесінің күшеюі мен халықаралық құқықтың дамуы мемлекеттердің құқықтық дербестігін сақтауға кедергі келтіруі мүмкін. Алайда бұл процесс жаңа мүмкіндіктерді де ашуда, себебі мемлекеттер халықаралық деңгейде келіссөздер жүргізу арқылы өздерінің құқықтарын қорғауға талпынады.

Жаһандану жағдайында құқықтық суверенитеттің маңызы өзгеріп, жаңа талаптарға сай бейімделуде. Құқықтық суверенитет мемлекеттерге өз заңдарын қабылдап, тәуелсіз түрде әрекет ету мүмкіндігін береді. Алайда, халықаралық ұйымдар мен келісімдер мемлекеттердің дербестігін шектейтін факторларға айналып отыр. Бұл суверенитеттің дәстүрлі түсінігін қайта қарауды қажет етеді. Құқықтық суверенитет халықаралық қатынастарда маңызды рөл атқарады, бірақ мемлекеттер өздерінің мүдделерін қорғау үшін халықаралық құқыққа сәйкес әрекет етуі тиіс. Жаһандану мемлекеттердің суверенитетін сақтау мен халықаралық ынтымақтастықты дамыту арасындағы тепе-теңдікті табуды талап етеді. Қорыта айтқанда, құқықтық суверенитеттің маңызы мемлекеттердің тәуелсіздігі мен халықаралық бейбітшілік үшін айрықша болып қала береді.

#### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%96%D0%B0%D2%BB%D0%B0%D0%BD%D0%B4%D0%B0%D0%BD%D1%83>
2. Книга В.М. Гессена «Общее учение о государстве (лекции, читанные в С.-Петербургском Политехническом институте)», 1912. – Б.56-57.
3. Государственный суверенитет в условиях глобализации: общетеоретическое измерение тема диссертации и автореферата по ВАК РФ 12.00.01, кандидат наук Гадисов Сеймур Рамазанович. 2020ж.
4. Суверенитет государства в условиях глобализации тема диссертации и автореферата по ВАК РФ 12.00.01, кандидат юридических наук Каламанова, Светлана Владимировна. 2011ж.

**ӘОЖ 343:342.734(574)**

#### **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Амирбек Нұрай Шарапқызы**

[eremenkons@mail.ru](mailto:eremenkons@mail.ru)

Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің Ю-40қ-21 студенті, Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекшісі, Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің «Конституциялық және

халықаралық құқық» кафедрасының аға оқытушысы, з.ғ.м. Ерменко Н.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 28-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының азаматы жасына келген, науқастанған, мүгедек болған, асыраушысынан айырылған жағдайда және өзге де заңды негіздерде оған ең төменгі жалақы мен зейнетақының мөлшерінде әлеуметтік қамсыздандырылуына кепілдік беріледі [1].

Сонымен қатар, біздің Конституцияда көрсетілген әлеуметтік құқықтарды жүзеге

асыру үшін түрлі заңнамалық актілер қабылданған, соның ішінде «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» заң, «Халықты жұмыспен қамту туралы» заң.

Зима В. «Социальное обеспечение как структурный элемент системы социальной защиты населения» атты мақаласында әлеуметтік қамсыздандыруды мемлекеттің азаматтарына өмір сүрудің ең төменгі стандарттарын қамтамасыз ету мақсатында жасайтын экономикалық, құқықтық және ұйымдастырушылық шаралар жүйесі дейді [2;36]. Қазақстан Республикасында әлеуметтік қамсыздандырудың конституциялық негіздері азаматтардың әлауқатын көтеру және олардың құқықтарын қорғау үшін маңызды рөл атқарады. Конституцияда әлеуметтік мемлекеттің қағидаттары бекітіліп, халықтың түрлі топтарын қолдау тетіктері қарастырылған.

Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілгендей әлеуметтік қамсыздандыру жәрдемақы немесе ең төменгі жалақы әрекеттерінен ғана тұрмай, оның ішіне еңбек жөніндегі қарым-қатынастар да денсаулық сақтау істері де кіреді [1].

Әлеуметтік қамсыздандыруды жүзеге асыру механизмдері – бұл мемлекет тарапынан азаматтарды әлеуметтік қорғау мақсатында қабылданатын шаралар мен жүйелер жиынтығы. Бұл механизмдер келесі негізгі бағыттарды қамтиды:

– Зейнетақымен қамсыздандыру жүйесі – азаматтардың қартайған шағында қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін мемлекеттік және жинақтаушы зейнетақы жүйелерін қамтиды.

– Міндетті әлеуметтік сақтандыру – уақытша еңбекке жарамсыздық, жұмыссыздық, жүктілік және босану жағдайларында қаржылық қолдау көрсететін жүйе.

– Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар – мүгедектерге, асыраушысынан айырылғандарға, көпбалалы отбасыларға және басқа да әлеуметтік топтарға берілетін төлемдер.

– Әлеуметтік медициналық сақтандыру – азаматтарға тегін және жеңілдетілген медициналық көмек алуға мүмкіндік беретін жүйе.

– Арнайы әлеуметтік қызметтер – өмірлік қиын жағдайға тап болған азаматтарға көрсетілетін психологиялық, құқықтық және әлеуметтік көмек.

Осы механизмдер әлеуметтік әділдік пен халықтың әлауқатын жақсартуға бағытталған [3;1].

Зейнетақымен қамсыздандыру жүйесі тікелей Қазақстан Республикасының әлеуметтік кодексімен реттеледі. Қазақстанда зейнетақымен қамсыздандыру үш деңгейлі жүйе арқылы жүзеге асады:

– Мемлекеттік базалық зейнетақы - ең төмен зейнетақы мөлшері.

– Міндетті жинақтаушы зейнетақы жүйесі - жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалардың дерекқор беретін қалыптастырылатын мәліметтер.

– Ерікті жинақтаушы зейнетақы жүйесі - қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы негізінде ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы.

Осы үш деңгейлі зейнетақы жүйесі арқылы мемлекет азаматтарын қартайғанда қаржылық тұрақтылықпен қамтамасыз етуді көздейді. Мемлекеттік және жинақтаушы жүйелердің үйлесуі әр адамның еңбек үлесіне қарай лайықты зейнетақы алуына мүмкіндік береді. Нәтижесінде, халық еңбек етіп, табыс табу арқылы өз болашағын қамтамасыз етіп, мемлекет қолдауымен лайықты өмір сүруге мүмкіндік алады [4].

Әлеуметтік сақтандыру және жәрдемақылар туралы сөз қозғасақ, Қазақстанда міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі жұмыс істейді. Оның аясында азаматтар:

– Еңбекке жарамсыздық;

– Жұмыссыздық;

– Ана болу және бала күтімі жағдайларында әлеуметтік төлемдер ала алады [5].

Денсаулық сақтау және білім беру жүйесіндегі әлеуметтік кепілдіктерге келетін болсақ, мемлекет денсаулық сақтау мен білім беру саласында азаматтарға кепілдік береді. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) енгізілген, ол арқылы азаматтар тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін ала алады [6].

Қазақстан Республикасында құқық қорғау органдары қызметкерлерінің әлеуметтік қорғалуы – мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі. Құқық қорғау саласында жұмыс істейтін қызметкерлер күнделікті өздерінің қызметтік міндеттерін орындау барысында түрлі қауіп-қатерге тап болады. Осыған байланысты олардың әлеуметтік құқықтарын қорғау Қазақстан Республикасының Конституциясы мен басқа да нормативтік - құқықтық актілерде бекітілген.

Қазақстан Республикасының «Құқық қорғау қызметі туралы» заңында, құқық қорғау органы (ҚҚО) – адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделерінің сақталуы мен қорғалуын қамтамасыз ететін, өз құзыретіне сәйкес қылмыстылыққа және өзге де құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттің саясатын іске асыратын, заңдылықты қамтамасыз ету мен қоғамдық тәртіпті қолдау, құқық бұзушылықтарды анықтау, алдын алу, жолын кесу, тергеу, қылмыстық істер бойынша сот шешімдерін атқару жөнінде арнаулы өкілеттіктер берілген мемлекеттік орган деп таниды [7].

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің құқықтарын қорғау аталған заңмен қоса, ҚР ІІМ - нің нормативтік актілерімен реттеледі. Сонымен қатар, «Мемлекеттік қызмет туралы» заң және «Қазақстан Республикасының әлеуметтік кодексі» осы салада маңызды рөл атқарады.

«Социальное обеспечение сотрудников органов внутренних дел как условие эффективного выполнения задач и функций полиции» мақаласының авторы Нурушев А. «мемлекет ішкі істер органдарының қызметкерлерін әлеуметтік қорғау мен қолдаудың арнайы шараларын айқындады. Бұл шаралар қызметтің беделімен, сондай-ақ қызметкерлерге жүктелген міндеттер мен функциялардың тиімді орындалуымен тікелей байланысты», - деп мәлімдейді. Егер мемлекет құқық қорғау органдары қызметкерлерін әлеуметтік қамсыздандырумен толық қамтамасыз етсе, бұл салаға деген қызығушылық артып, кадрлар санының өсуіне ықпал етеді. Мұндай жағдай құқық қорғау жүйесінің нығаюына, қоғамдық тәртіптің күшеюіне және жалпы елдің дамуына оң әсерін тигізеді деп есептейді [8;1].

«Құқық қорғау қызметі туралы» заңның 63-бабына сүйене отырып, қызметкерлер, олардың отбасы мүшелері мен мүлкі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекет қорғауында болады екенін түсінеміз [7]. ҚҚО-ның қызметкерлері мен зейнеткерлерін әлеуметтік қорғаудың өзге де шаралары Қазақстан Республикасының «Құқық қорғау қызметі туралы» заңында баяндалған. Мысалға:

– Қызметкерлер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті әлеуметтік сақтандыруға жатады.

– Құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен зейнеткерлеріне, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген шектерде, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери қызметшілері мен зейнеткерлері үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жеңілдіктер мен артықшылықтар қолданылады.

– Туберкулезге қарсы және басқа мамандандырылған жұқпалы аурулар мекемелерінде қызмет атқарып жүрген қызметкерлер Қазақстан Республикасының заңнамасында аталған қызметкерлер үшін белгіленетін жеңілдіктерді пайдаланады.

– Қылмыстық-атқару жүйесі органдары мен мекемелерінің туберкулезге қарсы мекемелер мен басқа да мамандандырылған учаскелерде және қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде қызмет атқаратын қызметкерлеріне осы санаттағы медицина қызметкерлері үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жеңілдіктер қолданылады.

– Қызметкерлерге тұрғын үйді күтіп-ұстауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге республикалық бюджет туралы заңда айқындалатын мөлшерде ақшалай өтемақы төленеді.

– Қайтыс болған, құқық қорғау органдары қызметкерлері арасынан еңбек сіңірген жылдары үшін зейнеткерлік төлемақы алушылардың отбасы мүшелеріне асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша жәрдемақы тағайындалуына қарамастан: әйеліне (күйеуіне) – асыраушысының үш айлық зейнеткерлік төлемақысы мөлшерінде және отбасының еңбекке қабілетсіз әрбір мүшесіне – асыраушысының қайтқан күніне дейін төленіп тұрған бір айлық зейнеткерлік төлемақысы мөлшерінде біржолғы жәрдемақы төленеді.

Ескерілетін жайттар:

– біржолғы жәрдемақы мөлшерін айқындау кезінде жәрдемақыға құқығы бар отбасы мүшелерінің қатарына: жасына және еңбекке жарамдылығына қарамастан зайыбы (жұбайы); он сегіз жасқа толмаған немесе егер оларға он сегіз жасқа толғанға дейін мүгедектік белгіленсе немесе олар асыраушысы қайтыс болған күні күндізгі оқу орындарының оқушысы болып табылса және жиырма үш жасқа толмаған болса, бұл жастан асқан балалары; қайтыс болған адамның асырап-бағуында болып келген, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген зейнеткерлік жасқа толған не мүгедектігі бар адамдар болып табылатын ата-аналары кіреді.

– Қызметкердің денсаулығы мен мүлкіне келтірілген залал, сондай-ақ қызметкердің қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты оның отбасы мүшелері мен жақын туыстарының денсаулығы мен мүлкіне келтірілген залал бюджет қаражатынан толық көлемде өтеледі, кейіннен бұл сома залал келтірген адамнан өндіріп алынады [7].

Құқық қорғау органдары қызметкерлерін медициналық қамтамасыз ету - Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен ішкі істер органдарының медициналық ұйымдарында бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Қызметкерлерге медициналық көмек:

– «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде;

– «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетіледі.

Медициналық ұйымдарда тиісті бөлімшелер, мамандар немесе арнаулы жабдық болмаған жағдайда, қызметкерлерге медициналық көмекті денсаулық сақтау субъектілері көрсетеді. Оларға арналған медициналық қызметтердің ақысын әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры төлейді.

Қызметкерлер Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен санаториялық-курорттық емделумен қамтамасыз етіледі. Қызметтік міндеттерін орындау кезінде жарақат алған қызметкерлер мемлекет есебінен санаториялық-курорттық емделуге жіберіледі.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің отбасы мүшелері және зейнеткерлері ішкі істер органдарының медициналық ұйымдарында медициналық көмек алуға құқылы. Олардың медициналық қызметтеріне ақы төлеуді әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры жүзеге асырады.

Ішкі істер органдарының медициналық ұйымдары кепілдендірілген тегін медициналық көмек және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде қызмет көрсету аясында кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыруға құқылы [7].

Еңбекке жарамсыздық және уақытша еңбекке қабілеттілігін жоғалту жағдайлары бойынша қызмет барысында жарақат алған құқық қорғау органы қызметкерлеріне ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығы бойынша:

– Тегін медициналық көмек көрсетіледі;

– Оңалту және санаторий-курорттық емделу қызметтері ұсынылады;

– 6 айдан 12 айға дейінгі мерзімге толық жалақысы сақталады.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің «Қазақстан Республикасы ішкі істер

органдарының қызметкерлеріне ақшалай ризықты, жәрдемақыларды және өзге де төлемақыларды төлеу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы бойынша:

– Ішкі істер органдарының қызметкерлері еңбекке уақытша жарамсыз болған жағдайда, оларға барлық кезең ішінде ақшалай қамтамасыз ету толық көлемде төленеді. Бұл төлемдер еңбекке жарамсыздық парағы немесе отбасының сырқат мүшесін күту қажеттілігі туралы ресми құжаттар ұсынылған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

– Қызмет барысында сырқаттанған қызметкерлерге еңбекке уақытша жарамсыздығы кезеңінде ақшалай қамтамасыз ету төленеді. Алайда, жүктілік пен босану бойынша демалыста, бала асырап алу демалысында немесе үш жасқа дейінгі бала күтімі жөніндегі еңбекақысы сақталмайтын демалыста болған кезеңде қызметкер сырқаттанса, бұл уақыт үшін төлем қарастырылмайды. Егер сырқаттану осы демалыстар аяқталғаннан кейін де жалғасатын болса, қызметке қайта кірісу күніне дейін ақшалай қамтамасыз ету жүргізіледі [9].

Қызметтік міндеттерін атқару кезінде алған жарақат, мүгедектік немесе қайтыс болу жағдайында әлеуметтік қорғау механизмдері - ҚҚО қызметкерлерінің қызметтік міндеттерін орындау барысында алған жарақаттары, жаралануы, мертігуі немесе кәсіби сырқаттарының салдарынан мүгедектік белгіленген жағдайда, сондай-ақ қызметтік міндеттерін орындау барысында қаза тапқан жағдайда оларға немесе олардың отбасыларына өтемақы төлеу мен әлеуметтік кепілдіктер ұсыну құқықтық тұрғыдан реттеледі.

Қызметтік міндеттерін орындау кезінде жарақат алған, мертіккен немесе кәсіби сырқаттың салдарынан мүгедектік белгіленген жағдайда, құқық қорғау органдары қызметкерлеріне «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңын іске асыру мақсатында әзірленген нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес біржолғы өтемақы төленеді. Өтемақы мөлшері мүгедектік тобына байланысты айқындалады және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен әлеуметтік төлемдер жүйесі шеңберінде қарастырылады.

Құқық қорғау органдары қызметкерлері қызметтік міндеттерін орындау кезінде қаза тапқан жағдайда, олардың отбасылары Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген «Құқық қорғау органдары қызметкерлеріне біржолғы өтемақы төлеу қағидаларына» сәйкес өтемақы алуға құқылы. Қайтыс болған қызметкердің отбасына оның соңғы лауазымдық жалақысының үш еселенген мөлшерінде біржолғы өтемақы төленеді. Сонымен қатар, марқұмды жерлеуге байланысты шығындарды өтеу мақсатында үш айлық ақшалай ұстау мөлшерінде қосымша төлем қарастырылады.

Қызметтік міндеттерін орындау кезінде жарақат алу, мүгедектікке ұшырау немесе қаза табу жағдайында әлеуметтік қорғау шаралары Қазақстан Республикасының «Құқық қорғау қызметі туралы» заңымен, Қазақстан Республикасының «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» заңымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларымен реттеледі. Бұл нормативтік-құқықтық актілер құқық қорғау органдары қызметкерлерінің әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етуге бағытталған және олардың еңбек ету барысында кездесетін тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік береді.

Осылайша, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қызметтік міндеттерін орындау барысында алған жарақаттары немесе қаза табу жағдайларындағы әлеуметтік кепілдіктер мен өтемақылар олардың заңды құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған маңызды құқықтық құрал болып табылады [9].

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қызмет барысында немесе қызметтен босатылғаннан кейін бір жыл ішінде мүгедектікке ұшырауы немесе қаза табуы жағдайында оларға және олардың отбасыларына біржолғы өтемақы төленеді.

Егер қызметкер қызметтік міндеттерін орындау кезінде жарақат (травма, контузия) алып, мүгедектік белгіленсе, оған төмендегідей мөлшерде біржолғы өтемақы төленеді:

- I топ мүгедектігі – 30 айлық ақшалай қамтылым мөлшерінде;
- II топ мүгедектігі – 18 айлық ақшалай қамтылым мөлшерінде;
- III топ мүгедектігі – 6 айлық ақшалай қамтылым мөлшерінде.

Бұл өтемақы қызметкердің жарақат алуы оның қызметтік міндеттерін орындауымен

тікелей байланысты болған жағдайда ғана беріледі.

Қызметтік міндеттерін орындау барысында немесе қызметтен босатылғаннан кейін бір жыл ішінде қызметтік жарақат салдарынан қайтыс болған жағдайда, қызметкердің асырауындағы тұлғалар немесе оның заңды мұрагерлері келесі әлеуметтік төлемдерге құқылы:

- Соңғы атқарған лауазымына сәйкес 60 айлық ақшалай қамтылым мөлшерінде біржолғы өтемақы төленеді;
- Асырауындағы отбасы мүшелері мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақымен қамтамасыз етіледі;
- Қаза болған қызметкердің балалары мен жұбайына тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесі қарастырылады;
- Балаларына жоғары оқу орындарында тегін білім алу мүмкіндігі беріледі.

Егер қызметкер қызметтік міндеттерін орындау барысында ауыр немесе жеңіл жарақат алып, бірақ мүгедектік белгіленбесе, оған біржолғы өтемақы төленеді. Өтемақының нақты мөлшері жарақаттың ауырлығына байланысты белгіленеді.

Осылайша, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің әлеуметтік қорғалуы мемлекет тарапынан кешенді түрде қамтамасыз етіледі. Бұл шаралар қызметкерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғауға, олардың қызметке деген сенімділігін арттыруға және құқықтық тәртіпті нығайтуға бағытталған [10;3].

Құқық қорғау органдары қызметкерлерін әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі олардың қызметтік міндеттерін атқару кезінде жан-жақты қорғалуы үшін маңызды. Дегенмен, қазіргі жүйеде бірқатар олқылықтар мен проблемалар кездеседі.

Қызметтік міндеттерін орындау барысында жарақат алған немесе мүгедектікке ұшыраған қызметкерлерге тағайындалатын өтемақы мөлшері қазіргі экономикалық жағдайға сәйкес әрдайым жеткілікті бола бермейді. Әсіресе, инфляция деңгейінің өсуі өтемақының сатып алу қабілетін төмендетеді. Шешу жолы - өтемақы мөлшерін жыл сайын инфляция деңгейіне сәйкес қайта қарастыру.

Қызмет барысында жарақат алған қызметкерлер үшін оңалту бағдарламаларының тиімділігі төмен болып отыр. Санаторий-курорттық емдеуге немесе жоғары технологиялық медициналық қызметтерге қолжетімділік барлық өңірлерде бірдей емес. Біздің ойымызша, шешім заманауи медициналық жабдықтармен қамтамасыз етілген орталықтарды көбейту мен қызметкерлерді шетелдік оңалту бағдарламаларына жіберу тәжірибесін енгізу болып табылады.

Қаза болған қызметкердің отбасы мүшелеріне берілетін әлеуметтік көмектер ұзақ мерзімге арналмаған. Баспанамен қамтамасыз ету, балалардың білім алуына жеңілдіктер қарастыру мәселелерде жүйелілік жоқ. Оның бірқатар шешім жолдарына қаза болған қызметкерлердің отбасыларын мемлекеттік тұрғын үй бағдарламаларына басымдықпен енгізу, балаларына жоғары оқу орындарына түсу үшін арнайы квоталар беру, жұбайларына жаңа мамандық алу немесе қайта даярлау курстарын тегін өтуге мүмкіндік жасау әрекеттері жатады.

Құқық қорғау органдары қызметкерлері жоғары стресс жағдайында жұмыс істейді. Алайда, олардың психологиялық жағдайын тұрақтандыруға бағытталған шаралар жеткіліксіз. «Құқық қорғау қызметі туралы» заңда да психологиялық көмек беріледі десе де, сол олқылықтарды өзге жолмен шешуге болады. Мысалға, Қызмет барысында психологиялық күйзеліс алған қызметкерлерге кәсіби психотерапиялық көмек көрсету жүйесін жетілдіру.

Әлеуметтік қамсыздандыру – халықтың әл-ауқатын қамтамасыз ететін маңызды жүйе. Ол азаматтардың негізгі әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған. Зейнетақы жүйесі мен әлеуметтік сақтандыру – әлеуметтік қамсыздандырудың басты элементтері болып табылады. Мемлекет халықтың осал топтарын қорғау үшін әртүрлі әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асырады. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі азаматтардың еңбекке жарамсыздығы кезінде қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Құқық қорғау органдары әлеуметтік қамсыздандырудың тиімді жүзеге асырылуын

қадағалайды. Сонымен қатар, әлеуметтік қорғау шаралары елдегі экономикалық және демографиялық жағдайларға байланысты өзгеріп отырады. Мемлекеттік кепілдіктер азаматтардың әлеуметтік құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған. Қазақстанда әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін жетілдіру үнемі жүргізіліп келеді. Әсіресе, зейнетақы реформалары қартаю демографиясына бейімделуге бағытталған.

Еңбек нарығындағы өзгерістер әлеуметтік қамсыздандыру саясатына тікелей әсер етеді. Әлеуметтік төлемдердің көлемі экономикалық даму деңгейіне байланысты анықталады. Азаматтардың өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында әлеуметтік көмектің жаңа түрлері енгізілуде. Халықтың әл-ауқатын арттыру үшін мемлекеттік және жеке сектордың бірлесіп жұмыс істеуі аса маңызды.

Тиімді әлеуметтік саясат қоғамдағы тұрақтылықты сақтауға ықпал етеді. Заманауи технологиялардың дамуы әлеуметтік қызметтерді автоматтандыруға мүмкіндік беріп отыр. Мемлекет әлеуметтік қорғауды дамыту арқылы халықтың әл-ауқатын жақсартып алады. Әлеуметтік саясаттың басты мақсаты – әрбір азаматтың лайықты өмір сүру деңгейін қамтамасыз ету. Қазақстандағы әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі халықтың әлеуметтік қауіпсіздігін нығайтуға бағытталған.

Қорыта келе, әлеуметтік қамсыздандыру – қоғамдағы тұрақтылық пен азаматтардың әл-ауқатын қамтамасыз ететін маңызды жүйе. Қазақстанда бұл жүйені жетілдіру бағытында түрлі реформалар жүзеге асырылуда, әсіресе, зейнетақы және әлеуметтік төлемдер саласында. Еңбек нарығы мен экономикалық даму әлеуметтік қамсыздандыру шараларына тікелей әсер етеді, сондықтан олар үнемі жаңартылып отырады. Мемлекет халықтың осал топтарын қорғау үшін түрлі бағдарламалар енгізіп, әлеуметтік қолдаудың тиімділігін арттыруда. Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға және әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етуге бағытталған.

### ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>
2. Зима В.В. Социальное обеспечение как структурный элемент системы социальной защиты населения // Российская академия народного хозяйства и государственной службы при Президенте РФ: Среднерусский вестник общественных наук. 2010.С 35-39.
3. Комитет регулирования и контроля в сфере социальной защиты Министерства труда и социальной защиты населения Республики Казахстан // <https://www.gov.kz/memleket/entities/lspm/press/news/details/3552>
4. Қазақстан Республикасының 2023 - жылғы 20 сәуірдегі әлеуметтік кодексі // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2300000224>
5. ҚР Ұлттық экономика министрлігі. Әлеуметтік сақтандыру және жәрдемақылардың тиімділігі. 2020
6. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2025 - жылғы 21 ақпандағы бұйрығы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2500035746>
7. Қазақстан Республикасының «Құқық қорғау қызметі туралы» 2011 - жылғы 6 қаңтардағы заңы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000380#z115>
8. Нурушев А. Ж. Социальное обеспечение сотрудников органов внутренних дел как условие эффективного выполнения задач и функций полиции // Мир закона: юридический научно-практический журнал 2024 <https://mir-zakona.kz/soczialnoe-obespechenie-sotrudnikov-organov-vnutrennih-del-kak-uslovie-effektivnogo-vypolneniya-zadach-i-funkczij-policzii/>
9. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қызметкерлеріне ақшалай ризықты, жәрдемақыларды және өзге де төлемақыларды төлеу қағидаларын бекіту туралы» 2014 - жылғы 14 қарашадағы бұйрығы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V14C0010043>
10. Постановление Правительства Республики Казахстан «Правила выплаты